

**Мектепке дейінгі тәрбие және орта білім беру, қосымша білім беру
ұйымдары педагогтерінің ілеспе құжаттары**

1. Ауданның/қаланың білім бөлімі басшысының облыстық СК-те авторлық материалдарды қарау туралы ҰСЫНЫСЫ (фирмалық бланкіде жасалады);
2. СК-те авторлық материалдарды қарау туралы педагогтің өтініші;
3. Білім беру үдерісі өзгерістерінің кестелерін, диаграммаларын ұсына отырып, нәтижелілігі егжей-тегжейлі сипатталған авторлық материалдарды апробациялау туралы білім беру ұйымы басшысының АНЫҚТАМАСЫ (білім беру ұйымы басшысының қолымен және мөрімен куәландырылады);
4. РЕЦЕНЗИЯ – 3 (рецензенттер бейіні бойынша педагогтер, ғылыми дәрежесі немесе ғылыми атағы бар ғылыми ұйымдардың қызметкерлері; бейіні бойынша «педагог-зерттеуші», «педагог-шебер» біліктілік санаты бар педагогтер; әдіскерлер болуы мүмкін. Рецензияға рецензент қол қойып, мөрмен расталуы керек);
5. Білім беру ұйымы әдістемелік кеңесінің және қалалық/аудандық білім бөлімінің хаттамасынан ҮЗІНДІ КӨШІРМЕ (фирмалық бланкіде жасалады және мөрмен расталады);
6. Плагиатқа тексеру АНЫҚТАМАСЫ (материалдың бірегейлігінің пайызы кемінде 70% болуы керек).

**Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі
білім беру педагогтерінің ілеспе құжаттары:**

1. Білім беру ұйымы басшысының облыстық СК-де авторлық материалдарды қарау туралы ҰСЫНЫМДАРЫ (фирмалық бланкіде жасалады);
2. СК-те авторлық материалдарды қарау туралы педагогтің ӨТІНІШІ;
3. Білім беру үдерісі өзгерістерінің кестелерін, диаграммаларын ұсына отырып, нәтижелілігі егжей-тегжейлі сипатталған авторлық материалдарды апробациялау туралы білім беру ұйымы басшысының АНЫҚТАМАСЫ (білім беру ұйымы басшысының қолымен және мөрімен куәландырылады);
4. РЕЦЕНЗИИ – 3. Рецензенттер бола алады:
 - а) авторлық материалдар бейіні бойынша басқа өңірдің ТЖКБ ОӘБ төрағасы;
 - б) бейіні бойынша педагогтер, ғылыми дәрежесі немесе ғылыми атағы бар ғылыми ұйымдардың қызметкерлері;
 - с) «педагог-зерттеуші», «педагог-шебер» біліктілік санаты бар бейін бойынша педагогтер; әдіскерлер.Рецензияға рецензент қол қойып, мөрмен расталуы керек.
5. Колледж әдістемелік кеңесінің хаттамасынан ҮЗІНДІ (фирмалық бланкіде жасалады және мөрмен расталады);
6. Плагиатты тексеру АНЫҚТАМАСЫ (материалдың бірегейлігінің пайызы кемінде 70% болуы керек).